

ISSN 2310-3353



Қостанай  
мемлекеттік  
педагогикалық  
институтының

# ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 2  
2022



(жапырақтың жел айдауымен ұшуы) және ақындық талант иелерінің ішкі дүниесіндегі болып жататын ішкі тебіреністі (бір ғана алма ағашы) арқылы жеткізуі, ақын шеберлігінің көрінісі, әрі өлеңді құруда өзіне ғана тән ерекшеліктерінің мол екенін аңғарамыз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. «Лениншіл жас» газеті, 1962 жыл
2. Қоңыров Т. «Қазақ теңеулері». – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1978. – 192 б.
3. Қанапина С.Ғ. «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі» (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде). – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010 – 180 б.
4. Бекбосынова А.Х «С.Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу». Монография. – Қостанай. ЖШС «Центрум», 2014. – 152 б.
5. Сыдықов Қ. Көркемдік өрнектер. – Алматы, 1992. – 178 б.
6. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.

Материал редакцияға түсті: 11.02.2022

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., НАБИ, Т.Б.**

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ СТИХОВ КАНИПЫ БУГЫБАЕВОЙ «АДАСКАН ЖАПЫРАК», «АБДИЛДАНЫН АЛМА БАГЫНДА»**

*Произведения Канипы Бугыбаевой невольно заставляет нас произвести перед глазами солнечные дни весны и осени. Стихи поэтессы это прекрасные произведения которые показывает читателю подлинную искренность. Ее стихи напоминают нам радостные, счастливые этапы человеческой жизни.*

**Ключевые слова:** сравнение, символ, употребление слов, стихотворение.

**BEKBOSYNOVA A.H., NABI, T.B.**

**ARTISTIC FEATURES OF KANIPA BUGYBAYEVA'S POEMS «ADASKAN ZHAPYRAK», «ABDILDANYN ALMA BAGYNDA»**

*The works of Kanipa Buggybayeva involuntarily make us imagine sunny days of autumn and spring. The poems of the poetess are wonderful works that show the reader genuine sincerity. Her poems remind us of the joyful, happy stages of human life.*

**Key words:** comparison, symbol, use of words, works, poem.

## ӘОЖ 8.81

**Қанапина, С.Ғ.**

филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор

**Байбусинова, Ж.Ж.**

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті

**Бейсенбай, Г.С.**

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті

А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,  
Қостанай, Қазақстан

## ЖАЗУШЫ СПАНДИЯР КӨБЕЕВТИҢ «ҚАЛЫҢ МАЛ» РОМАНЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

### Түйін

Қазіргі балалар біздің халқымыздың мақал-мәтелдерін жақсы білмейді, олардың мағынасын түсінбейді. Бірақ оларда гасырлық халық даналығы, тәжірибесі, қарапайым халықтың армандары жатыр. Мақал-

*мәтелдер өз ойларын неғұрлым айқын білдіруге, адам өмірінің белгілі бір құбылысы туралы ақпаратты дәл жеткізуге көмектеседі. Мақал-мәтелдерді зерттеу сөйлеуді ғана емес, логиканы да дамытады, ойлауды ұйымдастырады, өмірлік құндылықтарды қалыптастырады.*

*Кілт сөздер: мақал-мәтел, этнолингвистика, роман.*

## 1 Кіріспе

Ата-бабаларымыздың осы уақытқа дейін небір асыл мұралар қалды десеңізші. Сөйлер сөзге, тілге адамзат сонау көне дәуірдің өзінде-ақ ерекше мән берген. Ғасырдан-ғасырға жетіп, бірден-бірге ұласып жатқан ел аузындағы небір ғажайып аңыз-әңгімелер, мақал-мітелдер, жазба деректер осының айғағы. Қай халықтың тарихына үңілсек те, өнер алды саналатын қызыл тілге, шешендік өнерге байланысты керемет асыл сөздерді табамыз. Сол асылдардың бірі – мақал мен мәтелдер.

Мақал – мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдегі әр түрлі құбылыстар туралы түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады.

«Сөздің көркі – мақал» деген аталы сөз бар. Мақалдың көмегімен айтайын дегенінді ұнамды да ұтымды жеткізуге болады. Мақал тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіріп, белгілі бір тұжырым жасайды. Мақал-мәтелде бәрі екшелген, сұрыпталған, ой-өрнек ажыраспас туыстық тапқан. Ол – бабамыздың қалдырған ақыл-өсиеті, мұраты, нақыл сөздері.

Ақын-жазушылар шығармаларының сөздері де мақалға айналып жатады. Мысалы, Абайдың жаман дос туралы «Күн жауғанда қойныңда, күн ашықта мойныңда», «Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты» сияқты сөздері бүгінде мақал болып кеткен.

Мақал-мәтелдер адамды жамандықтан сақтандырады, жақсылыққа тәрбиелейді. Ең алдымен, қайырымдылыққа, ұйымшылдыққа шақырады, еңбекке, ерлікке баулиды. Адалдықты, жақсылықты, адамгершілікті дәріптеп, насихаттай отырып, оған қарама-қарсы негіздегі арамдық, қараулық, өтірік-өсек, жалқаулық, екіжүзділік секілді теріс өрескел мінез-қылықтарды сынайды. Жамандықтан өзімізді безіндіреді. Оған: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» мақалы дәлел бола алады. «Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның ырысы» деп, еліміздің ырысы асын десек, жақсы адам болуды дәріптеуіміз керек.

**Ғалым С.Ғ. Қанапина «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде)» атты монографиясында:** «Тілдегі мақал-мәтелдер – мәдениетті тану кілті, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуына қатысатын үлкен күш, мәдени ескерткіші, ұлт өмірінің айнасы. Тіл, сонын ішінде мақал-мәтелдер, қазіргі, келер ұрпақты үлкен бір тарихи арнаға, бүтіндікке байланыстырады.

Қазақтың белгілі паремиолог-ғалымы Ә.Қайдар мақал-мәтел туралы былай дейді: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді». Сондықтан академик Ә.Қайдар оларды шартты түрде «Адам», «Қоғам», және «Табиғат» деп атауды ұсынады. Бұлай үш салаға бөліп қараудың ұстанған принципі-барлық құбылысты түгел қамту дегендік деп түсінеміз.

Мақал-мәтелдің табиғатына тән ерекшеліктердің қатарына, ең алдымен, олардың жанр түрінде іштей жіктелуін, өмір-тіршілігіміздің сан-саласын қамтитын көп тақырыптылығын жатқызуға болады. Сондай-ақ, мақал-мәтелдер өзінің өте көнелігімен де, ғасырлар асып, бізге жеткен өзіндік дәстүрімен де ерекшеленетін, ой мен тілдің өзара түйісуі негізінде дүниеге келіп, жанр ретінде қалыптасқан құбылыс ретінде де назар аударады. Осы ерекшеліктеріне байланысты мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің әрі көркем сөз өрнегі, үлгісі, көркем мәтіннің тілі ретінде лингвистиканың зерттеу объектісі бола алады. Сонымен қатар,

мақал-мәтелдер этнолингвистиканың да ең бір құнарлы объектісі болып саналады. Өйткені, мақал-мәтел табиғаты халқымыздың барша болмысымен қат-қабат астарласып жатыр, мақал-мәтел жасаудың принциптері мен мотивтік негіздері ұлттық менталитетке, ежелден қалыптасқан салт-дәстүрге, дүниетанымға, болмыстағы заттар мен құбылыстарды абстракция, салыстыру, ұқсату, теңеу, қарама-қарсы қою т.б. тәсілдер арқылы танып-білуге ыңғайлы объект болып саналады[1,4].

**Махметова Ақмарал Саркенқызы «М. Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдер: дәстүр мен жаңашылдық»** авторефератында мақал-мәтел туралы сөз қозғаған. Екінші тараудың бесінші тармағы «Мағжан поэзиясындағы мақал-мәтелдердің көрініс табуы» деп аталады. Мақалдар мен мәтелдер және қанатты сөздер фразеологизмдердің қатарына жатқызылғанда, олардың сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр қалпында жұмсалатыны, құрамының тұрақтылығы ескеріледі.

Мақал-мәтелдер өзгеріске түсуі стильдік қолданыста сөз зергерлерінің сөз саптау шеберлігіне байланысты әртүрлі өзгерістерге түсіп отырады. Бірақ бұл негіз дәнекер болып тұрған бейнеге еш әсерін тигізбейді. «Мақал-мәтелдердің осылайша әртүрлі өзгерістерге ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін **инварианттар** дейміз. Инварианттық өзгерістер көркемдік өрнегін, образы мен бейнелеушілік әсерін, эмоционалды-экспрессивті қуатын бойында сақтай отыра, пайдаланатын талантына байланысты», -деп саралайды академик Ә. Қайдар.

Мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің шығарма тіліне қаншалықты ажар беріп, көріктендіретінін М.Жұмабаев поэзиясынан көруге болады.

«**Адам басы-алла добы**» – деген рас,

Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас [2,122].

«**Халық айтса, қалт айтпайды**»-деген ғой,

Ие бопты байтақ терең ақылға [2,217].

«**Бес байтал- әйел құны**» – деген бір сөз,

Қармаққа талай жасты іліп жатыр.[2,6]

Мағжан Жұмабаев мақал-мәтелдерді сол қалпында немесе сол мағынаны қуалап өзіндік сөз тізбектерін тізеді немесе жалпы халықтық қолданыстағы мақал-мәтелдерді әрі қарай жандандырып дамытады.

«**Ауыл болсаң-қоғам бол**» – деген сөзбен,

Бұлтармай ертеңді-кеш жүріп барсақ,

Сол шақта көр түкіріп көл де болар

Мектеп пен медреселер көп салынып,

Ағайын тату-тәтті ел де болар [2,19]

Бұл өлең жолдарына «**Ауыл болсаң-қоғам бол**» деген мақал-мәтел деген және сөзбен сөздермен түйінделген. Сонымен қатар, «Көп түкірсе, көл болар» деген халық мәтелі әрі қарай өз жалғасын тауып, көркем түрде бейнеленген (Махметова Ақмарал Саркенқызы «М.Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдер: дәстүр мен жаңашылдық» авторефераты Қ.Р. Астана, 2006ж).

**Зерттеуші Қарсыбекова Шолпан Пернеқұлқызы «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері»** атты авторефератында: «ММ-дер – ресми тарих пен өткен уақыт бойында сақтап келе жатқан рухани шежіре. Ел жадына сақталған кейбір ММ-дерден есте жоқ ескі замандардың сарынын аңғарып, тарихи дәуірлердің дүбірлерін сезінуге болады.

ММ-дердің мағыналық тіркестерге қарай жіктелуі. Қазақ ММ-дерінің тұла бойы тұнып тұрған тарих, халықтың басып өткен ұзақ өмірінің анасы.

Тіл элементтері қарапайым қалпынан күрделенуге қарай, аз саннан көп санға қарай бағытталады, дыбыстан сөз, сөзден- тіркес, тіркестен-сөйлем туады. Қазақ және түркі тілдерінің барлығында фразеологиялық тіркестер күрделі синтаксистік бірлік – ММ-дердің құрамдық элементі болып қызмет атқарады. Мысалы, қазақ тілінде «Біреуге көр қазба!»

деген сөз алғаш фразеологизм ретінде қалыптасқан. Енді осы тағылым – ескертпенің логикалық жалғасы ретінде «Біреуге көр қазба, өзің түсерсің» деген «көр қазбаудың» себебін айқындайтын мақал пайда болып отыр.

Әрбір ММ-дің бойына этнос болмысына тән, оның рухани, заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. ерекшелітеріне бай ақпарат жиналғанын көреміз. Мысалы, «Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал «Отбасында қандай тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге көрген бала өсіп, ер жеткенде де соны істейді» деген ауыс мағынада қолданылып тұр [3, 136].

Қазақ ММ-дерін халық арасынан толық болмаса да жинап, әр түрлі басылымдарда жариялау ХІХ ғасырда көріне бастады. 1879 ж алғаш қазақ ММ-дерін жарияланған (Хрестоматия, Орынбор) және 1906ж. толықтырып, ең тыңдаулыларын қайта жариялаған қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин болатын.

Одан соң, 1890 ж. өзіне дейінгі жарияланған 1500 ММ-ді жинақтап, «Сборник киргизских пословиц» (Оренбург) деген атпен жариялаған қазақ тілін алғаш зерттеуші түркологтардың бірі В.В Катаринский болды.

ММ-дің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға ат салысқан әдебиетші ғалымдардың қатарында М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ғ. Мүсірепов, С.Мұқанов, М.Базарбаев, М.Әлімбаев, Б.Ақмұқанова т.б атауға болады.

ММ-дердің тұрақты тіркес ретінде атқаратын куммулятивтік қызметі, мағыналық даму заңдылығы, қолданыс ерекшеліктері жатады. Осы орайда, қазақ ММ-дерін зерттеген тілші ғалымдар- Р.Сәрсенбаева, Ғ.Тұрабаева, Ә.Қайдар т.б.

Ғалым **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы** өзінің «Қазақ тілінің стилистикасы» атты оқу құралында: «Ұлттық болмысымызды танытаты бай мұралардың бірі-мақал-мәтелдер. Олай дейтініміз мақал-мәтелдерден халықтың таным әлемі, ұлттық және әлеуметтік болмысы көрінеді. «Мақал-мәтелдер халық өмірін, философиялық түсінігін, тіршілік тынысын, ерлік рухын, әдет-ғұрпын кеңінен қамтиды. Оларға тұтас құрылым ретінде қарайтын болсақ, халық өмірінің бүтін бейнесін көз алдымызға келтіргендей боламыз» [4,15].

Авторлық баяндауда келген мақал-мәтелдер әсерлілің, ықшамдылық, айқындылық үшін қолданылады:

Сол менсінбеген қалпы, «**Ауылдың аузы сасық**» дегендейін, Алтайдан асып арғы беттегі кедейден жар таңдайды(О.Б.268).

«**Есектің еті арам, күші адал**» дейді екен қазақтар(О.Б.11)

Мақал-мәтелдердің тұлғасына дәстүрлі тұрақтылық тән болғанымен, белгілі бір контексте қаламгердің сөз саптау шеберлігіне байланысты түрлі өзгерістерге түсіп отырады. О.Бөкей тіліндегі мақал-мәтелдердің авторлық өңдеумен қолданылған тұстары:

**Алашқа барып сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол дегеніңіз- ау, бұл, ақсақал** (О.Б. 435).

**Жүрек қыз-қыз қайнайды, күресуге дәрмен жоқ.**

О. Бөкей халық тіліндегі өзге елде ұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол, **Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ** деген мақалдарды негізгі мазмұнын сақтай отырып өзінше қолданған [Есіркепова К.Қ «Қоркем мәтін стилистикасы» 179-бет, 156.].

## **2 Материалдар мен әдістер**

Бұл мақаланы жазу барысында алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Мақал-мәтелдің шығу тегі, түрлері жайлы зерттеген ғалымдар еңбектері қаралды. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. С. Көбеевтің «Қалың мал» шығармасында қолданылған мақал-мәтелдер этнолингвистикалық сипаты жағынан талданды.

## **3, 4 Нәтижелер мен талқылау**

**С. Көбеевтің «Қалың мал» романында кездесетін мақал-мәтелдер:**

Бұрынғы еткен аталарымыздың айтқаны бар емес пе: **«Қатын өлді — қамшының сабы сынды», «Байдың қатыны өлсе төсегі жаңғырар, жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырар»** деп, басы қаңғырады дейтін жарлы емессің, жастың алпысқа келгеніне қарамай-ақ мал берсең, біреу өзі-ақ қызын әкеп тастар. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамдар: - Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 72 б)

### 1. «Қатын өлді – қамшының сабы сынды»

**Қарашаш сұлу Жиренше үйде жоқта ауырып қаза болыпты.** Өз Жәнібек хан «Жиреншеге біз естірте алмаспыз, өзіне-өзі естіртсін, ешқайсың сездіріп қоймаңдар», – деп уәзірлерімен сөз байлап қояды. Бір күні Жиренше шешен елге қайта оралып ханның үйіне түсіп сәлемдесіп отырады. Хан Жиреншеге:

- Ау, шешенім, әкесі өлген қалай болады? – депті. Жиренше шешен отырып:
- Әкесі өлсе асқар тауы құлағанмен бірдей болады, – депті.
- Шешесі өлген қалай болады?
- Ағар бұлағы суалғанмен бірдей болады.
- Ағасы өлген қалай болады?
- Оң қанаты қайрылғанмен бірдей болады.
- Інісі өлген қалай болады?
- Сол қанаты қайрылғанмен бірдей болады.
- Апа-қарындасы өлген қалай болады?
- Ұзын өрісі қысқарғанмен бірдей болады.
- Қатыны өлген қалай болады?

– Ah!.. Менің Қарашашым өлген екен ғой? – депті Жиренше. Ол күйініп қамшысын таянғанда, қамшының сабы ортасынан шарт сынып кетіпті. **«Қатын өлді, қамшының сабы сынды»** деген сөз содан қалған екен.

### 2. «Байдың қатыны өлсе төсегі жаңғырар, жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырар»

Бұрын қазақта бай-дәулетті адамдар бірнеше әйел алған. Аталған мақалдың мағынасы, егер бай адамның әйелі қайтса, ол ұзақ қайғырмай басқа әйел алады, өйткені оның қалың мал төлеуге, той жасауға мүмкіндігі бар. Ал кедейдің әйелі өлсе, оның тағы да үйленуге жағдайы болмайды. Ерте заманда жағдайы жоқ ерлер үйленбей өмірің өткізген.

3. **«Есік көргенді алма, бесік кергенді ал»** деген мақал бар еді. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамдар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 76 б.)

Қазақ халқына әбден сіңісті болған, ер адам үйленер шағында берілетін кеңес. Негізінен қазақ бесікті өте қасиетті, киелі деп санаған. Яғни бесік — қазақ халқының ұғымында адалдықтың белгісі. Сондықтан әйел алар кезде әке-шеше баласына «есік көргенді алма, бесік көргенді ал» деп ақыл айтқан екен.

4. **«Байтал шауып бәйге алмас»** деген бар емес пе, жақсы-жаманды біле ме солар, – деп Серғазының сөзін жаратпаған сықылды болды. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамдар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 80 б)

Байтал – ұрғашы жылқы. Көбіне буаз болып жүретіндіктен, онша шаппайды.

5.– **«Ит жегенше кісі жесін»** деген бір мақал бар еді, сол Ғайшаны сен алып қашсаңшы, жиен. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамдар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 92 б)

Жеті қазынанан бірі саналатын ит – он екі мүшел жылдың бірі, жеті қазынанан басы. Итке көп адамдар адалдықтың символы ретінде қарайды. Ия, шынымен де, ежелден халқымызда «ит адамның ажырамас серігі» деген пікір қалыптасқан. Ит қазақ өмірінде маңызды орын алғандықтан ол туралы қазақта және басқа халықтардың халық аузында жүрген мақал-мәтелдер өте көп.



6.— Жақсы, жігіттер, «Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады» деген мақал бар еді, Итбайдың қызын Тұрлықұлға бергеннің, езі байлар мен би-болыстан кедей, нашар атаның, көрген кемшілік, қоршылықтарын қозғап, қай-қайдағыны еске түсірді-ау. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамқандар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 93 б)

Мақалдың мағынасы – бір сөзден екінші сөз тудыратынын жеткізу. Себебі олар шықпайды, әр нәрсенің өзіндік мәні бар.

7. Жиен «жас-жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір» деген бізді өзіңе сана. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамқандар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 93 б)

Бірін-бірі сүйетін адамдардың, әдетте, мақсаттары мен өмірлік ұстанымдары бірдей. Ал мына мақал осы мағынаны дәлме-дәл береді.

8.— Осы Кеңшалғын ретінде бай менімен көптен ақылдасып, сіздерді шақыртып жібермекші де болып жүр еді, «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» деген, сірә, біздің байдың бұл ісінің сәті келер, – деп күлімсіреді. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамқандар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 94 б)

«Бітер істің басына – жақсы келер қасына» деген халық даналығына сенсек, кез келген шаруаны өз маманы атқарса ғана үлкен іске айналмақ.

9. Жарайды берейін, «орамал тонға жарамағанмен жолға жарайды» деген мақал бар еді, кәне не аласыңдар, жігіттер? – деді. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамқандар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 98 б)

«Орамал тонға жарамаса да, жолға жарайды» «Орамал тон болмайды, жол болады» деген ел арасында аталы сөз бар. Мән-мағынасына үңілетін болсақ, орамалдың сый-сияпат екенін аңғаруға болады. Алыстан ат терлетіп келген қонақ, үйдің әйеліне орамал сыйлап жатады. Сыйдың қайтарымы ретінде үй иесі де кетер кезде орамалды бірге салып берген. Орамал кез келген қыз -келіншекті, әйелді қуантады. Және оған арнайы өлшемді, талғамды білу қажет емес. Ең бастысы түсі мен сапасы жақсы болса болды.

10. Осы жаз, құдай амандық берсе, бір-бірімізбен ренжіспей тұрғанда, «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген мақал бар еді, елге көшем дегенді ертеден құлақтандырып жүретін. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамқандар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 112 б)

"Ер туған жеріне, ит тойған жеріне" – деп халық адамның елге,туған жерге деген ыстық сезімін дәл бейнелейтін.

11. «Жазғы аттың майын жаудан аяма» деген мақал бар еді, бұл жау емес, көк әперетін баламыз ғой, мен өзім Сары ала атымды берем, – деп Алшан, көсемсіді. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамқандар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 115 б)

12. Олай болса, «жол ақысы жүрсе бітеді» деген сөз бар еді, таң болса қысқа, енді жүріңдер, құдай беттеріңнен жарылқасын, – деп Серғазы орнынан тұрды. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамқандар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 117 б)

Қазақтың жолы үлкен, үш әріптен кейіптелген кішкене бойына көп мағына сыйғызған салиқалы да салмақты сөздерінің бірі – жол. Қазақтың жолы десек, ол халқымыздың ықылым заманнан бергі бастан кешкен тарихын білдіреді. Сонымен бірге ұлттық жөн-жоралғымызды, әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді де осы жол деген сыр-сипаты мол сырбаз сөзбен әдемі айшықтап жатамыз.

## 5 Қорытынды

С. Көбеев өз шығармасында ерекше реңк беретін мақал-мәтелдерді шебер пайдаланған. Оқу барысында 17 мақал-мәтел табылды, оның 12-і мақалаға түсті.

**Әдебиеттер тізімі**

1. Қанапина С. Ғ. «Қазақ тіліндегі мақал – мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде)». Қостанай. ТОО «Центрум», 2010. – 180 бет.
2. Махметова Ақмарал Саркенқызы «Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдер: дәстүр мен жаңашылдық» авторефераты, Қ.Р. Астана, 2006. – 23 бет.
3. Қарсыбекова Ш.П. «Қазақ тіліндегі мақал – мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері». Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, Алматы – 2004. – 29 бет.
4. Есіркепова К.Қ. «Қазақ тілінің стилистикасы». Оқу құралы. – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010. – 166 бет.
5. Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адақандар: – Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы.

*Материал редакцияға түсті: 01.02.2022*

**КАНАПИНА, С.Г., БАЙБУСИНОВА, Ж.Ж., БЕЙСЕНБАЙ, Г.С.**

**НАЦИОНАЛЬНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК В РОМАНЕ ПИСАТЕЛЯ СПАНДИЯРА КОБЕЕВА «КАЛЫН МАЛ»**

*Современные дети плохо знают пословицы и поговорки нашего народа, не понимают их смысла. Но в них кроется многовековая народная мудрость, опыт, мечты простого народа. Пословицы помогают более четко выразить свои мысли, точнее передавать информацию о том или ином явлении человеческой жизни. Изучение пословиц развивает не только речь, но и логику, организует мышление, формирует жизненные ценности.*

**Ключевые слова:** *Пословицы-поговорки, этнолингвистика, роман.*

**KANAPINA, S.G., BAIBUSINOVA, Zh.Zh., BEISENBAI, G.S.**

**NATIONAL-COGNITIVE ACTIVITY OF PROVERBS AND SAYINGS IN THE NOVEL BY WRITER SPANDIYAR KOBEEV «KALYN MAL»**

*Modern children do not know the proverbs and sayings of our people well, they do not understand their meaning. But they contain centuries-old folk wisdom, experience, dreams of ordinary people. Proverbs help to express your thoughts more clearly, more accurately convey information about a particular phenomenon of human life. The study of proverbs develops not only speech, but also logic, organizes thinking, forms life values.*

**Key words:** *Proverbs, ethnolinguistics, novel.*